



арттыруды жүзеге асырады.

### 3. Жұмыстың түрі мен мазмұны.

- мектеп тәрбие жоспарына оқушылардың қызығушылығымен өзгерістер енгізу;
- мектепте кездесетін талас тудыратын сауалдарға мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып дұрыс шешім қабылдауға атсалысу;
- байқаулар, викториналық ойындар, көрмелер, спорттық жарыстар, ұжымдық шығармашыл істер ұйымдастыру.
- мектеп басқару ұйымы жұмысына қатысу.

### 4. Парламент мүшелері.

Парламентке 9-11 сынып арасындағы белсенділер мүше бола алады. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы жіне өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданады.

Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады. Ұжымдық топ парламенттің шығармашылық тобы деп аталады. Олар парламентте ұжымдық шығармашылық істерді жүргізеді.

Парламентте жұмыс жүргізіп мектеп бітіріп кеткен мүшелері құрметті мүше деп аталады. Оларға мектеп парламентінің жұмысына қосқан үлестері мен даумына атсалысқандары үшін оларға ерекше құрметпен қарайды.

### 5. Мектеп парламентінің құрылы мен ұйымдастыруы.

Мектеп парламентінің жоғары ұйымы болып ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс жылына екі рет қыркүйек жіне мамыр айында өткізіледі. Қыркүйек айының екінші жартысында Парламент Кеңесін, Парламент Президентін басқарып жүргізеді. Президент болмаған жағдайда бұл жұмысты Спикер басқарады. Ол Парламент Кеңесінің ұжымдық интеллектуалдық және шығармашылық істерін ұйымдастырады.

**Мектеп парламенті негізгі 8 Парламент фракциядан және мектеп президенті, Президент орынбасры және білім министрі тұрады.**

### **1. Құқық және тәртіп фракциясы**

- Мектеп оқушылар арасында болған, талас тудыратын сауалдарға және кеңес мүшелері арасындағы дауды шешуге көмектеседі.
- Парламенттегі талас тудыратын сауалдарға нақты дәл шешім табады.

### **2. Білім министрі**

- Мектепте сабақ үлгерімі төмен оқушыларды басшылыққа алып оларға кеңестер беріп, үлгерімі жақсы, алғыр оқушылардың оларға қосымша сабақ беруін қадағалайды.
- Мектептегі тоқсандық қортынды шығаратын жиындарға қатысады;
- Мектеп оқушыларының үлгерімі жөніндегі әкішіліктің жиындарына қатыса отырып, өз пікірін білдіруге құқылы;
- Оқушылар арасында әлеуметтік мәселелерді қолдауға атсалысады.

### **3. Ақпарат фракциясы**

- Мектептегі анықтама қызметінің жұмысын және мектептің оперативті ақпарын даярлайды;
- Мектеп парламентінің Интернетте сайты құруға, қалалық «Радио баршаға» хабарына шығуға, ұйым шығармашылығы жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары беттеріне жарық көрсетуіне;
- «Мектеп жаңалықтары» мектеп газетіне ұйым жаңалықтарын, қызметін, іс-шарасын насихаттайды

### **4. Эрудиттер кеңесі**

- мектепте пән апталықтарының өтуіне;
- интеллектуалы іс-шараларды оқу жылы басында мектеп жұмыс жоспарына енгізуге;
- интеллектуалды ойындар, олимпиадалар байқаулар, жарыстар өткізуге көмек көрсетеді.

### **5. Экология және еңбек фракциясы**

- оқушылардың тәртібі мен мектептегі жүрісін қадағалау;

- мектептегі қабырға сендтерін безендіруге;
- мектептегі оқушылар кезекшілігін үнемі қадағалау, кезекші постарын тексеру жұмыстары жүктелінеді.

#### **6. Мәдениет және өнер фракциясы**

- Мектептегі ұжымдық шығармашылық істердің нәтижелі жүргізілуіне көмек көрсету;
- Жаңа оқу жылына ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау;
- Оқушылардың эстетикалық тәрбие үлгілерін сақтауына ықпал етеді.

#### **7. Спорт және салауатты өмір фракциясы**

- спорттық іс-шаралардың жүргізілуін;
- оқушылардың салауатты өмір ұстанымын жақтау негізінде акциялар, дөңгелек үтелдер, ток-шоулар ұйымдастыруын басқарады.

#### **8. Қамқорлық фракциясы**

- Мектепте қайырымдылық акциясын ұйымдастырады
- жан-жануарларды қорғауға, қамқорлық жасауға мектеп оқушыларын ұйымдастырады.

#### **9. Мектеп президенті**

- Парламент фракцияларының дұрыс жұмыс жасалуын қадағалайды.
- Мектептегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.

№17 жалпы білім беретін  
мектеп КММ-сі директоры  
Казиева З.А.  
«16» \_\_\_\_\_ 2023ж



### Хаттама

Төраға: Биссалиева Айгуль Маликовна  
Хатшы: Бердиева Айнагул Ергалыевна  
Қатысқандар: 12  
Мерзімі: 16.10.2023ж  
Кіріспе

### Күн тәртібі:

1. Мектеп оқушыларына өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстарымен таныстыру.
2. Мектеп парламентін сайлау

### Тыңдалды

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару ұйымын дамыту тұжырымдмасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Жастар жылына өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленіп жалғасын табауда.

Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуге толық құқылы әріптес болады.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламент міндеті: Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту. Өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

16.10.2023 Мектепте мектеп парламентінің Президентін сайлау өтті. Оларға 9-11 сынып оқушылары қатысты.

Сайлау-бұл ұжымдық іс-әрекеттің бір түрі, онда әр қатысушы өз бетінше шешім қабылдап, сол немесе басқа кандидатқа артықшылық беруі керек. Іс-шара өте маңызды, үміткерлер лайықты.

Жеті үміткер ұсынылды: Асанов Аян-11 " А " сынып оқушысы

Бердиева Жұлдыз-11" А " сынып оқушысы,

Айтжанова Анель-10" В " сынып оқушысы,

Аралбай Арина-10" В " сынып оқушысы,

Химрат Альбина-10" Г " сынып оқушысы,

Жұмабекова Ереш - 9" В " сынып оқушысы,

Куванова Салтанат-9 " З " сынып оқушысы.

Сайлау 4 кезеңнен тұрды:

- 1) Жалпы Мектеп дауысы.
- 2) Презентация
- 3) пікірталас
- 4) тапсырма

Бірінші кезеңнің нәтижелері-жалпы мектептік дауыс беру:

- Асанов Аян-826 дауыс
- Аралбай Арина-625 дауыс
- Жұмабекова Ереш - 509 дауыс
- Химрат Альбина-108 дауыс
- Бердиева Жұлдыз-78 дауыс
- Айтжанова Анель-64 дауыс
- Куванова Салтанат-58 дауыс

Келесі кезең - презентация. Осы кезеңде оқушылар презентация көрсетіп, өз жобалары туралы әңгімеледі.

Қазылар алқасының дауыс беру нәтижелері:

№	ФИО	Айгуль	Куаныш	Шынар	Итого
1	Аралбай Арина	9	10	9	28
2	Асанов Аян	9	9	10	28
3	Жумабекова Еркеш	8	8	8	24
4	Хымрат Альбина	10	10	10	30
5	Бердиева Жұлдыз	6	6	6	18
6	Айтжанова Анеля	10	10	10	30
7	Куванова Салтанат	5	5	5	15

Үшінші кезең-пікірталас. Қатысушылар арасында " көшбасшылық - туа біткен немесе алынған сапа?"2 команда құрылды, онда бірінші команда көшбасшылық-бұл туа біткен қасиет. Екінші команда көшбасшылықты сатып алынған сапа деп жақтады.

Қазылар алқасының дауыс беру нәтижелері:

№	ФИО	Айгуль	Куаныш	Шынар	Итого
1	Асанов Аян	10	10	10	30
2	Жумабекова Еркеш	9	9	9	27
3	Хымрат Альбина	10	10	10	30
4	Бердиева Жұлдыз	8	8	8	24
5	Айтжанова Анеля	8	8	8	24
6	Куванова Салтанат	8	8	8	24
7	Аралбай Арина	10	10	10	30

Соңғы турда қазақ тіліндегі "көшбасшылық" тақырыбындағы сөздерін, мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін айтуға тапсырма берілді.

Қазылар алқасының дауыс беру нәтижелері:

№	ФИО	Айгуль	Куаныш	Шынар	Итого
1	Асанов Аян	10	10	10	30
2	Жумабекова Еркеш	8	8	8	24
3	Хымрат Альбина	8	8	8	24
4	Бердиева Жұлдыз	10	10	10	30

5	Айтжанова Анеля	8	8	8	24
6	Куванова Салтанат	8	8	8	24
7	Аралбай Арина	8	8	8	24

### **Сөз сөйлегендер:**

Биссалиева Айгул -мектеп президентіне үміткерлер өте талантты. Көпшілігі сайлаудан кейін жүзеге асырғысы келетін мақсаттарын ұсынды. Сайлау кезеңінде ерекше көзге түскен Асанов Аян өзін жоғары деңгейде көрсете білді.

Дошахов Куаныш- Ия, шынынды сайлау жоғары деңгейде өтті. Оқушылар өздерінің тапқырлығымен шығармашылық қабылетерін көрсете білді. Алдағы уақытта да мектептің іс-шараларына белсенді қатысады деген сенімдемін.

Есетжанова Шынар- Мектебімізді жаңа қырларынан көрсету және оны дамыту мақсатында жүзден жүйрік болып өз қабілеттеріңді көрсете білдіңіздер. Бәріңіз де мықтсыңыздар, талантарында әр түрлі сол себепті әр оқушының өз қабілеттеріне қарай әртүрлі лауазымға сайлайтын боламыз. Бір жағадан қол, бір жағадан бас шығару арқылы бірлесіп, топтасып жұмыстанады деген үміттемін.

Қорытындылай келгенде барлық дауыстарды санау нәтижесінде 11 "А" сынып оқушысы Асанова Аяна мектеп парламентінің президенті болып сайланды. Қалған қатысушылар Министрлер лауазымына сайланды: Жұмабекова Ереш-пікірсайыс министрі

Аралбай Арина-денсаулық және спорт министрі  
Айтжанова Анель-Білім және мәдениет министрі  
Куванова Салтанат-қамқорлық министрі  
Бердиева Жұлдыз-экология және еңбек министрі

### **Күтілетін нәтижелер:**

- адал,мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық сананы трансформациялау мен жаңартуға оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушылардың қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;

**Қаулы:** 1. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары қанағаттанарды деп танылсын.

2. «Мектеп парламент» өзін-өзі дамыту тұжырымдамасы тыңдалды.

ДТЖО



Биссалиева А.М



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"ОБРАЗОВАНИЕ И  
КУЛЬТУРА"**  
Айтжанова Анела 10 "В"



**ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**  
Балабай Ляззат 11 "Г"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"ЗАБОТА И  
БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ"**  
Куванова Салтанат 9 "З"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"ДЕБАТНОЕ ДВИЖЕНИЕ"**  
Жумабекова Еркеш 9 "В"



**ПРЕЗИДЕНТ ШКОЛЫ**  
Асанов Ая 11 "А"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"СПОРТ И ЗДОРОВЫЙ  
ОБРАЗ ЖИЗНИ"**  
Аралбай Арина 10 "В"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"ЭКОЛОГИЯ И ТРУД"**  
Бердиева Жулдыз 11 "А"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"ПАТРИОТИЗМ"**  
Темір Азамат 10 "В"



**МИНИСТР ФРАКЦИИ  
"АҚПАРАТ"**  
Алдибай Алхан 10 "В"



**«№17 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**



**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік  
бағдарламасына сәйкес «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТ» білім алушылардың  
өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын  
ІС ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

**Мектеп Парламентінің Президенті Асанов Аян**



- 1.ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ: Болатбай Аянқуаныш**
- 2.АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ: Алдибай Алихан**
- 3.СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ: Аралбай Арина**
- 4.ҚАМҚОРЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ: Куванова Салтанат**
- 5.ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ: Жумабекова Еркеш**
- 6.ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ: Бердиева Жулдыз**
- 7.МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ФРАКЦИЯСЫ: Айтжанова Анель**
- 8. ПАТРИОТИЗМ ФРАКЦИЯСЫ: Темір Азамат**



**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес  
«№17 жалпы орта білім беретін мектебінің»  
«Мектеп парламенті» білім алушыларының өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын  
атқарылатын іс- шаралар жоспары**

**Парламент мақсаты:**

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

**Парламент міндеттері:**

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

**ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ  
1.ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ**

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	<b>«ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ</b>	1.Парламенттің жобалау кеңсесін құру  2.Мектеп Парламенті президентін сайлау күнін бекіту.  3.Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту.	01-15.09. 2023ж	Фракция мүшелері	ДТЖЖО  Тәлімгер  Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары
2		Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау.	15-22.09. 2023ж	Фракция мүшелері	ДТЖЖО	5-11 сынып білім алушылары
3		Еріктілер ұйымын құру	18-22.09.2023ж	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер	5-11 сынып білім алушылары
4		«Ата заңым айбыным» 26 жыл	24.09. 2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО  Тәлімгер  Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары
5		Мектепішілік /мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд	Айына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер  Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары
6		Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	Тоқсанына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер  Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары

**ҚАЗАН АЙЫ**  
**2. АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ (МЕКТЕПТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ)**

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында әлеуметтік желіге құттықтаулар жариялау	02-06.10.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	1 – 11 сынып білім алушылары
2		Парламент отырысын өткізу	Айына 1 рет	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Педагогтер	5-11 сынып білім алушылары
3		«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	02-13.10.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер Аудандық аурухана	5-11 сынып білім алушылары
4		Республика күніне арналған видеоролик дайындау	16-27.10.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер	5-11 сынып білім алушылары
5		«Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» (сұрақ-жауап)	16-27.10.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер	5-11 сынып білім алушылары
6		«Адал ұрпақ – адал ұлт» Мектеп парламенті Президенттерін сайлау күні	21.10.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТЖЖО Тәлімгер Мектеп әкімшілігі	5-11 сынып білім алушылары
7		«Мектеп NEWS» Апталық жаңалықтарды жариялау.	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-11 сынып білім алушылары

**ҚАРАША АЙЫ**

**3. СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ**

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	<b>«МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ</b>	«Салауатты өмір салты-денсаулық кепілі» акциясы	20.11.-1.12.2023ж.	Фракция мүшелері	ДТТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары
2		«Мектеп Лигасы» спорттық іс-шаралар	Айына 1 рет	Фракция мүшелері	ДТТЖО Дене шынықтыру ӘБ	5-11 сынып білім алушылары
3		«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»	Тоқсанына 1 рет	Фракция мүшелері	ДТТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-11 сынып білім алушылары
4		«Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз!»	20.11.-1.12.2023ж.	Фракция мүшелері	Педагог-психолог Әлеуметтік педагог	5-11 сынып білім алушылары
4		Медицина мамандарымен кездесу ұйымдастыру	Тоқсанына 1 рет	Фракция мүшелері	Сынып жетекшілер Медбике	5-11 сынып білім алушылары
5		«Таза мектеп – таза сынып» акциясы	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары

## ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

### 4. ПАТРИОТИЗМ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Табиғат тамшылары»	04-15.12. 2023ж.	Фракция мүшелері	Педагог-психологтар	5-6 сынып білім алушылары
2		«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»	20-24.12. 2023ж.	Фракция мүшелері	Тәлімгер Педагог-психологтар Сынып жетекшілер	5-11 сынып білім алушылары
3		«Үлкеннің кішіге қамқорлығы»	25-29.12. 2023ж.	Фракция мүшелері	ДТДЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып білім алушылары

## ҚАҢТАР АЙЫ

### 5. ҚАМҚОРЛЫҚЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Ағаның ініге қамқорлығы» акциясы	қаңтар	Фракция мүшелері	Педагог-психологтар Әлеуметтік педагог	5-11 сынып білім алушылары
2		«Мейірім толы жүрек» акциясы өз қолынан шыққан бұйымдар жасау	қаңтар	Фракция мүшелері	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-10 сынып білім алушылары
3		«Мейірімді қақпақтары» акциясы	қаңтар	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-11 сынып білім алушылары



## АҚПАН АЙЫ

### 6. ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1	<b>«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ</b>	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас	ақпан	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-10 сынып білім алушылары
2		«Тіл-халықтың күре тамыры»	ақпан	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер	8-10 сынып білім алушылары
3		«Біз қамқорлық жасаймыз!»	ақпан	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер	5-10 сынып білім алушылары
4		«Сынып қонағымен бір сағат» танымал тұлғалармен кездесу	ақпан	Фракция мүшелері	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-10 сынып білім алушылары
5		«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»	ақпан	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	10-11 сынып білім алушылары

## НАУРЫЗ АЙЫ

### 7. ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Табиғат тамашалары» суреттер байқауы	наурыз	Фракция мүшелері	Тәлімгер Эстетика ӘБ Сынып жетекшілер	5-7 сынып білім алушылары
2		«Бүкіл Қазақстандық ағаш отырғызу» акциясы	наурыз	Фракция мүшелері	ДТЖО Жаратылыстану ӘБ	5-8 сыныптар
3		«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ	наурыз	Фракция мүшелері	ДТЖО Сынып жетекшілер	8-10 сынып білім алушылары

## СӘУІР АЙЫ

### 8. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ФРАКЦИЯСЫ

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Орындалуы туралы мәлімет
1		«Қартты бар ел-қазыналы ел»	сәуір	Фракция мүшелері	ДТІЖО Тәлімгер Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ	5-10 сынып білім алушылары
2		«Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары	сәуір	Фракция мүшелері	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы	8-11 сынып білім алушылары
3		«Біз таланттарды іздейміз»	сәуір	Фракция мүшелері	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер	8-11 сынып білім алушылары
4		«Ұлы тұлғаларға арналған әдеби кеш»	сәуір	Фракция мүшелері	ДТІЖО Сынып жетекшілер	5-10 сынып білім алушылары

## МАМЫР АЙЫ

### «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президентінің жоспары

№	Іс-шара атауы	мерзімі	Жауаптылар
1.	1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнін атап өту	Мамыр	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Мектеп парламенті
2.	7 мамыр Ұлы Отан қорғаушылар күні	Мамыр	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Мектеп парламенті
3.	9 мамыр Ұлы Жеңіс күні	Мамыр	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Мектеп парламенті
4.	Мектеп парламентінің педагогтарымен бірлесіп жұмыс жүргізу	Мамыр	Тәлімгер Мектеп парламенті
5.	Мектеп парламентінің мектепшілік оқу-тәрбие процесінің ұйымдастыруына қатысу	Мерзімінде	Тәлімгер Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6.	Парламент туралы толық ақпарат әлеуметтік желілерге орналастыру	Мерзімінде	Тәлімгер Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7.	Ұйым мүшелерінің жылдық есебі	23 мамыр	Мектеп парламенті
8.	«Соңғы қоңырау» мерекесі	25 мамыр	Педагог-ұйымдастырушы Тәлімгер Мектеп парламенті

## Ақпарат

№17 жалпы білім беретін мектепте 01.09.2023 ж. «Мектебім – мейірім мекені!» атты оқушы оқушыларды патриотизмге, өз Отанын құрметтеуге негізделген салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынға «Маңғыстау облысының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» басшының м.а.Жанұзақова Бақтыгүл Абайбайқызы келіп, биылғы оқу жылымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Дәстүрлі алғашқы қоңырау соғу рәсімі мектебіміздің алғаш табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып оқушыларына берілді. Іс шара жүргізушісі мектеп парламентінің президентті Қазбек Шыңғыс болды.

Жиын соңында мекетеміздің домбырашылары «Адай» күйімен оқушыларды мектеп фойесінде қарсы алып, барлық сыныптар білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбындағы алғашқы білім сабағына қатысты.



## Ақпарат


Мектебімізде білім күніне арналған алғашқы «Мектебім – мейірім мекенім!» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары жүргізілді.

Мақсаты: Баланың бойына рухани - адамгершілік қасиеттерді ұялатып, жақсы - жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету, бір - бірімен қарым - қатынастарын жақсартып, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Сыныптарға қарай 1- 4 сынып «Мектебім-мейірім мекені», 5-7 сынып « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», 8-11 сынып «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өз деңгейінде өтті.



## Ақпарат

2023 жылдың 22 қыркүйегінде мектеп парламенттің сайлауы өтті. Сайлауға 12 оқушы өз кандидатурасын білдірді, олар: Аралбай Арина 10 «В» сынып оқушысы, Таргинов Алихан 10 «В» сынып оқушысы, Хымрат Альбина 10 «Г» сынып оқушысы, Хмелевский Тимур 9 «В» сынып оқушысы, Асанов Аян 11 «А» сынып оқушысы, Бердиева Жұлдыз 11 «А» сынып оқушысы, Жумабекова Еркеш 9 «В» сынып оқушысы, Утебай Ерасыл 10 «Г» сынып оқушысы, Айтжанова Анеля 10 «В» сынып оқушысы, Кипшакбаева Ботагөз 9 «В» сынып оқушысы, Утеген Жанель 9 «З» сынып оқушысы, Куванова Салтанат 9 «З» сынып оқушысы. Сайлауға қатысуға өтініш білдірген оқушылар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын алдын ала таныстырды. Ұйым мүшелері кандидаттардың бағдарламалары бойынша дауыс берді. Сайлау санитарлық ережелерге сай өткізілді. Дауыс беру нәтижесінде жоғары дауыс жинаған оқушы – Асанов Аян сайланды.



## Ақпарат

Балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы оқушылардың әлеуметтік-құзыретті тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау мақсатында №17 жалпы білім беретін мектепте 5 қазан Дублер күніне дайындыққа байланысты іс-шараны өткізуге дайындық басталды. 27 қыркүйекте пән мұғалімдері мен дублерлер жиналысы өтті. Педагогтар арасынан бастамашыл топ құрылды. Мектеп директорының дублерлік қызметіне 11 сынып оқушысы Қазыбек Шыңғыстың кандидатурасы ұсынылды Мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы дублер күніне дайындық жұмысын жүргізді.





## Ақпарат

21 қазан мектебімізде ағаш отырғызу экологиялық акциясы өтті. Іс-шараға тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілер, өзін-өзі басқару ұйымы және оқушылар қатысты. Оқушылар үшін мұндай игі шараның маңызы зор. Біріншіден, бұл табиғатымызды аялауға қосқан үлесі болса, екіншіден, мектеп ауласының, қаламыздың экологиялық жағдайын жақсартуға арналған шара болды.



## Ақпарлама

Мектебімізде Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 8-11 сыныптар аралығында "Күзгі бал-2023" аясындағы дәстүрлі күз мерекесі өтті. Бұл мереке туған жерді қадірлеуге, табиғатты аялауға, дәнді - дақылдардың, жеміс жидектердің, көкөністерді ысырап етпеу, өнерлі, дарынды балаларға қолдау көрсету, қабілет-дарынын дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға барлық сыныптар қатысты. Мерекенің әсем де, әсерлі өтуіне мектеп оқушылары бар күш жігерлерін салды. Байқаудың бағдарламасы бойынша сыныптар өз топтарын таныстырып, өнерлерін көрсетіп, қызықты көріністерін қойып, көрмелерін таныстырып, киім үлгілерін қорғап, түрлі ойындар ойнады. Әр кезең бойынша сыныптар белсенділік танытып, өз өнерлерін паш етті. «Күзгі бал-2023» байқауы оқушылардың бойында осындай жарқын әсер қалдырды.


Байқауға қатысқан сыныптарға төрешілер 3 кезең бойынша көрсеткен өнерлерін бағалап, байқау қорытындысын шығарды.



## Ақпарат

Қазақстан жастары өздерін қаншалықты патриотпын деп санайды? Осыған зерттеу жүргізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымының патриотизм фракциясының мүшесі Темір Азамат мектеп оқушыларына «Қазақстан жастары қаншалықты патриот?» атты социологиялық зерттеу жүргізді. Нәтижесінде, оқушылар өз еліне деген ең ұлтжандылар болып табылады деген қорытындыға келді.



## Ақпарат

Мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымының көшбасшылары балаларға арнап жаңа жылдық «Қош келдің- 2024» ұйымдастырды. Оқушыларға көңілді сайыстар, эстафеталар дайындады. Әр бала тақпақ, көңілді ән айтып, билейді.

Жаңа жылдық қойылым, көңілді жарыстар, қызықты ойындар әр балаға өзін ертегі әлемінің бір бөлшегі ретінде сезінуге мүмкіндік берді. Кеш соңында «Өзін-өзі басқару» ұйымы дайындаған жаңа жылдық флешмобқа барлық залда отырғандар қатысты. Мерекелік кеш Жаңа жыл биімен аяқталады.

